

«Қазақстан Республикасы теміржолшыларының кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің 2000 жылғы 21 қыркүйектегі IV съезімен өзгерістерімен және толықтыруларымен бекітілген

«Қазақстан Республикасы теміржолшыларының кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі VI съезінде өзгерістерімен және толықтыруларымен бекітілген

Қазақстан Республикасының көлік саласы кәсіби одақтарының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы Біріктіруші съезінде өзгерістерімен және толықтыруларымен бекітілген

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің 2016 жылғы 21 қазандағы №4 қаулысының 1-тармағымен бекітілген

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесімен өзгерістермен және толықтырулармен бекітілген (2022 жылғы 19 қаңтардағы №3 қаулысының 2-тармағы)

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесімен өзгерістермен және толықтырулармен бекітілген (2025 жылғы 26 ақпандағы №3 қаулысының 6-тармағы)

«Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесімен өзгерістермен және толықтырулармен бекітілген (2025 жылғы 10 желтоқсандағы №2 қаулысының 2-тармағы)

## **Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің - филиалы туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы (бұдан әрі – Филиал) өзінің ішкі құрылымы - бастауыш ұйымдарымен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі – Кәсіподақ) құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің шешімімен құрылады.

1.2. Филиалдың аумақтық шекаралары мен филиалдың кәсіби қызмет көрсетуінде тұрған бастауыш ұйымдарының тізбесін Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекітеді.

1.3. Филиалдың ресми атауы:

мемлекеттік тілде: Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің \_\_\_\_\_;

орыс тілінде: \_\_\_\_\_.

1.4. Филиалдың орналасқан жері: \_\_\_\_\_.

1.5. Заңды тұлғаның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі;

орыс тілінде: Общественное объединение «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного транспорта».

1.6. Кәсіподақ қызметінің мәні: Кәсіподақ мүшелерінің жеке, ұжымдық, кәсіби және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру, көрсету және қорғау, қайырымдылық қызметіне қатысу, мәдени және спорттық-сауықтыру іс-шараларына қатысу, ақпараттық хабардар ету, патриоттық тәрбие болып табылады.

1.7. Филиалды құрған заңды тұлғаның мекен-жайы: пошталық индексі 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі,6.

1.8. Заңды тұлғаны тіркеу туралы деректер: Тіркелген заңды тұлға туралы 2025 жылғы 26 қарашадағы анықтама, БСН 920640000439.

1.9. Филиал қызметінің мәні: Кәсіподақ мүшелерінің жеке, кәсіби және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру, көрсету және қорғау, қайырымдылық акцияларына, мәдени, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізуге қатысу, ақпараттық хабардар ету, патриоттық тәрбие.

1.10. Филиалдың банктерде есеп шоттар ашуға, белгіленген үлгідегі мөрге, бланкілерге, мөртаңбаға, дербес теңгерімге құқығы бар.

1.11. Филиал Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Кәсіподақ Жарғысына, Кәсіподақтың нормативтік және жергілікті актілеріне және осы Ережеге сәйкес іс-әрекет жасайды.

1.12. Филиал өз іс-әрекетінде мемлекеттік органдардан, жұмыс берушілерден, саяси және басқа да қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз, оларға есеп бермейді әрі олармен бақыланбайды, олармен қарым-қатынасты әлеуметтік әріптестік қағидаттары бойынша құрады.

## **2. ФИЛИАЛДЫҢ ОРГАНДАРЫ**

2.1. Жоғары органы – Конференция;

Басқарушы сайланбалы органдары – Филиал кеңесі, Филиалдың атқару комитеті;

Атқару органы – Кәсіподақ филиалының төрағасы.

2.2. Конференция кемінде бес жылда бір рет шақырылады.

Кезектен тыс конференция Филиал Кеңесінің бастамасы бойынша, Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің ұсынысы бойынша немесе Филиалда есепте тұрған және/немесе кәсіптік қызмет көрсетілетін Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының 1/3 талап етуі бойынша шақырылады.

Конференцияның шақырылуы, күні, болжамалы күн тәртібі туралы оның ашылуына кемінде екі апта қалғанда, ал кезектен тыс өткізілгенде кемінде бір апта алдын-ала хабарланады.

2.3. Конференцияға делегаттардың өкілдік нормалары Кәсіподақ филиалы кеңесінің шешімімен белгіленеді.

2.3.1. Конференция жұмысына сайланған делегаттардың ең кемінде үштен екісі қатысса, ол құқылы болып саналады.

2.4. Есептік-сайлау науқаны Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекіткен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің кәсіподақ органдарында есептік-сайлау науқанын жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына қатаң сәйкестікте жүргізіледі.

2.5. Филиал конференциясы:

- сайлау органының және ревизиялық комиссияның қызметі туралы есепті тыңдайды;

- қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды;

- төрағаны сайлайды;

- ревизиялық комиссияның мүшелерін сайлайды;

- Кеңес мүшелерін сайлайды;

- Келісім комиссиясының мүшелерін сайлайды;

- Филиал қызметіне қатысты кез келген басқа мәселелерді шешеді.

2.6. Кәсіподақ филиалының Кеңесі:

2.6.1. Конференциялар аралығындағы кезеңде Кәсіподақ филиалының басқару органы болып Кәсіподақ филиалының төрағасы басқаратын Кәсіподақ филиалының Кеңесі саналады.

2.6.2. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі және оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса құқылы болып саналады.

2.7. Кәсіподақ филиалының Кеңесі:

- өз жұмысын Кәсіподақтың алдында тұрған мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып ұйымдастырады, сондай-ақ:

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының қызметін үйлестіреді, оларға практикалық көмек пен қолдау көрсетеді, олардың мүдделерін және Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін тиісті мемлекеттік және сот органдарында, жұмыс берушілердің алдында қорғайды;

- есептік-сайлау жиналысын (конференция) өткізу кезінде Кәсіподақтың Жарғысын және Орталық кеңесі бекіткен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ кәсіподақ органдарында есептік-сайлау науқанын жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың (бұдан әрі – Нұсқаулық)

талаптары бұзылған жағдайда Нұсқаулық талаптарына сәйкес шешім қабылдайды;

- жұмыс берушілермен немесе олардың атынан сөйлейтін тұлғалармен ұжымдық келіссөздер жүргізеді, келісімдер, ұжымдық шарт жасайды, олардың орындалуын бақылайды;

- қажет болған жағдайларда Кәсіподақтың бастауыш ұйымдары оның құрамына жіберген Кәсіподақ филиалының кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін растайды;

- Кәсіподақ филиалы төрағасының орынбасарын (орынбасарларын) сайлайды;

- Кәсіподақ филиалы төрағасының өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылса, оны қайта сайлайды және қызметінен босатады;

- ағымдағы жұмысты ұйымдастыру үшін Кәсіподақ филиалының Атқару комитетін (Атқару комитеті) сайлайды;

- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің құрамына кандидаттар сайлайды;

- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің Атқару комитетіне Кәсіподақ филиалы бюджетінің сметасын және аппарат қызметкерлерінің штаттық санын бекітуге үшін шығарады;

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарын кәсіби қызмет көрсетуге қою, сондай-ақ кәсіби қызмет көрсетуден шығару туралы шешім қабылдайды;

- Кәсіподақ филиалының конференциясын шақыру туралы шешім қабылдайды, Кәсіподақ бастауыш ұйымдардың конференцияға қатысатын делегаттарына және Кәсіподақ филиалы кеңесінің құрамына кіретін өкілдеріне, егерде ол тікелей сайлау қағидаты бойынша қалыптастырылатын болса, өкілдік нормасын белгілейді;

- Кәсіподақ филиалының және оның құрамына кіретін Кәсіподақ бастауыш ұйымдардың жарғылық қызметіне байланысты басқа да мәселелерді шешеді;

- өз қызметінде Кәсіподақ филиалының конференциясына және Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне есеп береді.

## 2.8. Кәсіподақтың Атқару комитеті:

- съездің, конференциялардың, Кәсіподақ филиалы мен Кәсіподақтың сайланбалы органдарының шешімдерін, өз шешімдерін іске асыру жөнінде нақты әрекеттерді белгілейді және жүзеге асырады әрі олардың орындалуын бақылайды;

- мемлекеттік органдармен және жұмыс берушілермен келіссөз жүргізу үшін өз өкілдерін жібереді;

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының, Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін тиісті мемлекеттік және сот органдарында, жұмыс берушілердің алдында білдіреді және қорғайды, белгіленген заңнамалық тәртіппен сотқа жүгінеді;

- жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық бағдарламаны дайындауға қатысады, саладағы кәсіпорындардан босаған адамдарды әлеуметтік қорғау туралы шараларды ұсынады, еңбек туралы заңнаманың және жұмыспен қамтамасыз ету туралы заңнаманың орындалуына бақылау жүргізеді;

- Кәсіподақтың Атқару комитетіне бұқаралық акцияларды, соның ішінде митингтерді, демонстрацияларды, шерулерді, пикеттеулерді ұйымдастыру туралы ұсыныс береді;

- бастауыш ұйымдардың қаржы қызметін, олардың Кәсіподақ Жарғысын, Кәсіподақтың есеп саясатын, Кәсіподақтың жоғары органдарының шешімдерінің орындалуын үйлестіреді;

- бастауыш ұйымдардың кәсіподақ қаражатын мақсатты пайдалануына бақылауды жүзеге асырады;

- бастауыш ұйымдардың сметасын құптайды;

- кәсіби қызмет көрсететін сайланбалы органдардың қызметін Кәсіподақ Жарғысын сақтау және жоғары тұрған Кәсіподақ органдарының шешімдерін орындау бойынша үйлестіреді;

- бастауыш ұйымдар мен кәсіби органдардың Кәсіподақ Жарғысына және Кәсіподақтың алқалы органдары қабылдаған/бекіткен шешімдеріне қайшы келетін қаулыларының/шешімдерінің күшін жояды, осындай шешімдердің мәні жайында Кәсіподақ мүшелерін хабардар етеді;

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес кәсіподақ Жарғысын және кәсіби органдардың шешімдерін орындамағаны үшін бастауыш ұйым (цех комитеті) төрағасының дербес жауапкершілігі туралы, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, Кәсіподақтың бастауыш ұйымының сайланбалы органдарының барлық құрамының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені қарайды;

- кәсіподақ кадрлары мен активінің оқуын ұйымдастырады және өткізеді, жұмыс тәжірибесін зерделейді және таратады;

- қаржылық қызметті жүзеге асырады, бекітілген сметаларға сәйкес ақшалай қаражатты жұмсайды, филиалға пайдалануға берілген Кәсіподақ мүлкін пайдаланады;

- Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне статистикалық және қаржылық есепті уақытында тапсырады, қаржы саясаты саласының орындалуын қамтамасыз етеді;

- Кеңес отырыстарын шақырады және оның өткізілуін ұйымдастырады;

- жұмыс берушілермен немесе оны білдіретін тұлғалармен келісімдердің негізгі ережелерін айқындайды;

- өз жұмысында конференцияға, Филиал кеңесіне және Кәсіподақтың атқару комитетіне есеп береді;

- конференцияның тікелей жүргізуіне жататын шешімдерді қоспағанда, Кәсіподақ филиалы қызметінің барлық басқа мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

- Кәсіподақ Жарғысымен қарастырылған және оған Кәсіподақ Филиалының кеңесі берген басқа да функцияларды атқарады;

2.9. Кәсіподақ филиалы Атқару комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына ең кемінде бір рет өткізіледі және олардың жұмысына оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса құқылы болып саналады;

2.10. Конференциялардың, Кәсіподақ Филиалы кеңесі, Атқару комитеті отырыстарының шешімдері делегаттардың, Кәсіподақ Филиалы кеңесі, Атқару комитеті мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады;

2.11. Кәсіподақ филиалының төрағасы:

- Филиалдың жұмысын ұйымдастырады;

- сенімхат бойынша Кәсіподақ атынан іс-әрекеттерді жүзеге асырады, оның мүдделерін және Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін мемлекеттік органдарда, жұмыс берушінің алдында және басқа органдар мен ұйымдарда білдіреді;

- Кәсіподақ филиалының қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Кәсіподақ Филиалының кеңесі мен Атқару комитетінің құзыретіне жатпайтын жедел мәселелерді дербес шешеді;

- штаттық аппаратты басқаруды жүзеге асырады, аппараттың штаттық қызметкерлерімен және кәсіби қызмет көрсетіуде тұрған Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының төрағаларымен еңбек шарттарын жасайды және бұзады;

- бекітілген смета және өкілеттіктері шегінде қаржылық қызметті, ақша операцияларын жүзеге асырады, банк мекемелерінде есеп айырысу мен басқа да шоттарын ашады;

- Кәсіподақ филиалының кәсіптік қызметіндегі Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарынан мүшелік кәсіподақ жарналарының толық және уақтылы түсуін бақылайды;

- заңнамаға сәйкес жарғылық міндеттердің орындалуы үшін жауапты;

- лауазымы бойынша Кәсіподақ Филиалының кеңесі мен Атқару комитетін басқарады;

- қолданыстағы заңнамамен, конференцияның, Кәсіподақтың басқару органдарының шешімдерімен берілген құқықтар шегінде Кәсіподақтың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін өзге де іс-әрекеттер жасайды.

2.12. Кәсіподақ филиалының сайлау органдарының өкілеттілік мерзімі – бес жыл.

Кәсіподақ Филиалының төрағасымен еңбек шартын Кәсіподақ төрағасы жұмысты орындау уақытына, яғни сайланбалы органның өкілеттік мерзіміне жасайды және еңбек шартының қолданыс мерзімі Кәсіподақтың Жарғысында белгіленген бірыңғай мерзімде Кәсіподақтың сайланбалы органдарының өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты аяқталады.

Кәсіподақ Филиалының кеңесі кәсіподақтағы есептік-сайлау мерзімі кезеңінде Кәсіподақ филиалының төрағасы лауазымына сайлаған кезде (филиал төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде) еңбек шарты сайланбалы органның өкілеттігін орындаудың қалған мерзіміне жасалады және Кәсіподақ Жарғысына сәйкес бірыңғай мерзімде аяқталады.

2.13. Жұмыс берушілердің өкілдері кез келген деңгейдегі Кәсіподақтың сайланбалы органдарында бола алмайды.

### **3. КӘСІПОДАҚ МҮЛІГІН ЖӘНЕ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТӘРТІБІ, ФИЛИАЛДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

3.1. Кәсіподақ филиалы заңды тұлға болып табылмайды және оған Кәсіподақтың мүлкі беріледі және Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекіткен Филиал туралы ереже негізінде әрекет етеді.

3.2. Филиалдың ақшалай қаражаты:

- ай сайынғы мүшелерік кәсіподақ жарналары;

- ерікті жарналар және қайырымдылық көмек есебінен;

- басқа да Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тиым салынбаған түсімдерден (кірістер) құралады.

3.3. Кәсіподақ филиалы өзінің сайлау органдары арқылы өзінің иелігіндегі құралдар мен мүлікті дербес пайдаланады, иеленеді.

3.4. Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне қаржылық есеп бір жылда бір рет беріледі.

3.5. Филиалдың қаражаты жарғылық мақсаттарға Кәсіподақ филиалының сметасына сәйкес жұмсалады.

#### **4. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯ**

4.1. Кәсіподақ филиалының тексеру комиссиясы жиналыста (конференцияда) филиалдың тиісті сайланбалы органы сияқты өкілеттік мерзімінге сайланады және өз қызметін Кәсіподақтың Жарғысына және Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекіткен Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4.2. Тексеру комиссия өз қызметін Кәсіподақтың ішкі жергілікті актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

4.3. Кәсіподақ филиалының тексеру комиссиясы өз қызметінде Кәсіподақтың бақылау-тексеру комиссиясына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

4.4. Кәсіподақ филиалының тексеру комиссиясының төрағасы лауазымы бойынша Кәсіподақ филиалы конференциясының делегаты болып табылады.

#### **5. ФИЛИАЛ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ**

5.1. Кәсіподақтың филиалы:

- кейіннен Кәсіподақ Орталық кеңесінің бекітуімен, конференцияның;
- жұмыс берушінің тиісті өндірістік құрылымдарының қызметі өзгерген немесе тоқтатылған жағдайларда немесе Кәсіподақ құрылымы өзгерген жағдайда Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің шешімі бойынша;
- сот шешімі бойынша қызметін тоқтатады.

5.2. Филиалды қызметін тоқтату туралы шешім:

- конференцияда, кворум бар болғанда, конференция делегаттарының кемінде 2/3 оған дауыс берсе;
- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінде, егер оған Кәсіподақ Орталық Кеңесі мүшелерінің 50%-ы және одан артығы дауыс берсе қабылданған болып саналады.

5.3. Конференция хаттамасы шешім қабылданғаннан кейін үш күндік мерзімде Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне жіберіледі.

Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бұл мәселе бойынша 15 жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

5.4. Кәсіподақ дебиторлармен және кредиторлармен, сайланбалы және штаттық қызметкерлермен есеп айырысу жүргізеді. Қалған мүлік пен ақшалай қаражат Кәсіподақ Жарғысымен көзделген мақсаттарға пайдаланылады.

5.5. Қабылданған шешім туралы тиісті әділет органдары хабардар етіледі.

#### **6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

6.1. Кәсіподақ филиалы Кәсіподағының құрылымдық бөлімшесі бола отырып, өз қызметін Кәсіподақтың Жарғысына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

6.2. Кәсіподақ филиалының осы Ережемен қарастырылған шектерде дербес қызмет етуге құқықтары және өкілеттіктері бар.

6.3. Осы Ережеге түсінік беру құқығы Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне тиесілі.

---